



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР


2018 жылғы 22 тамыз

БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері бойынша инвестициялық қызметке 2018 жылғы шілдедегі қысқаша шолу

Жалпы портфель. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялау стратегиясына сәйкес зейнетақы активтерінің сақталуы мен кірістілігін қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялық портфельді әртараптандыру мақсатында зейнетақы активтері валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша түрі қаржы құралдарына инвестицияланады.

2018 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтері портфелінің көлемі **8 576,2 млрд. теңгені құрады**, оның ішінде теңгемен номинирленген ақша қаражаты мен қаржы құралдары **5 803,5 млрд. теңге** немесе 67,7%, шетел валютасында номинирленгендері **2 772,8 млрд. теңге** немесе 32,3% болды.

Валюталар бойынша портфель



Теңгемен номинирленген зейнетақы активтерінің портфелі. БЖЗҚ-ның теңгемен номинирленген зейнетақы активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес жыл сайын мақұлдайтын бағыттар шеңберінде ғана инвестицияланады. 2018 жылы аталған Кеңес БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу, портфельді әртараптандыру үшін шетел валютасын сатып алу, халықаралық қаржы ұйымдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстанның басқа да корпоративтік эмитенттерінің бағалы қағаздарын сатып алу сияқты бағыттарға инвестициялауды мақұлдады.



Инвестициялар. 2018 жылғы шілдеде теңгемен номинирленген зейнетақы активтерін инвестициялаудың көлемі **93,0 млрд теңге** (ақша нарығының құралдарына жасалған инвестицияларды қоспағанда¹) болды. Аталған көлемге орташа алынған жылдық 8,4%-дық кірістілігі бар ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды.

Қаралып отырған кезеңде теңгемен бос ақшалай қаражат ақша нарығының қысқа мерзімді құралдарына да орналастырылды. Бұл ретте бұл инвестициялар инвестициялаудың стратегиялық мақсаты болып табылмайды және зейнетақы активтерінің кірістілігін ұстап тұру үшін ағымдағы өтімділікті басқару шеңберінде жүзеге асырылуда.

Өтеу және сату. 2018 жылғы шілдеде екінші деңгейдегі банктердің бастамасы бойынша банктік салым шарттарында белгіленген талаптарға сәйкес жалпы сомасы 8,2 млрд теңге болатын депозиттер бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара өтеу жүргізілді.

Келіп түскен ұсынысқа сәйкес «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың 31,7 млрд теңге сомаға облигацияларын сату жүзеге асырылды.

Өзге де операциялар. «Қазкоммерцбанк» АҚ-тың «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа қосылу қорытындысы бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің портфелінде «Қазкоммерцбанк» АҚ-тың жай акциялары «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жай акцияларына ауыстырылды.


Есепті кезеңде 1,8 млрд теңге сомаға «KCELL» АҚ-тың жай акциялары ҚР ЕДБ салымдары бойынша міндеттемелердің бір бөлігін өтеу есебінен алынды.

Шетел валютасында номинирленген зейнетақы активтерінің портфелі.

БЖЗҚ-ның шетел валютасында номинирленген зейнетақы активтері БЖЗҚ-ның Инвестициялық декларациясында белгіленген валюталық активтердің жалпы құрылымы мен инвестициялау стратегиясына сәйкес инвестицияланады.

¹ ҚРҰБ ноттары мен депозиттері, ҚР МБҚ кепілімен «Кері репо» операциялары

Валюталық портфельдің құрылымы



Инвестициялар. 2018 жылғы шілдеде шетел валютасында номинирленген зейнетақы активтерін инвестициялау көлемі **245,1 млрд. теңге болды**, оның ішінде:

– орташа алынған кірістілігі жылдық 2,0% болатын сомасы 218,4 млрд. теңгеге АҚШ-тың қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары;

– орташа алынған кірістілігі жылдық 5,2% болатын сомасы 13,5 млрд. теңгеге АҚШ долларында номинирленген Ресей Федерациясының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары;

– орташа алынған кірістілігі жылдық 4,5% болатын сомасы 13,2 млрд. теңге АҚШ долларында номинирленген Индонезия квазимемлекеттік секторының шетелдік эмитенттерінің облигациялары сатып алынды.

Дамушы елдер эмитенттерінің бағалы қағаздарына жүзеге асырылған инвестициялар шеңберінде «BBB-»-дан «BB»-ға дейінгі деңгейдегі ең төменгі кредиттік рейтингі бар Индонезия квазимемлекеттік секторының 3 эмитентінің еурооблигациялары сатып алынды. Көрсетілген бағалы қағаздардың эмитенттерін 100% мемлекеттің бақылауында.

Еурооблигациялардың әрбір шығарылымын сатып алу үлесі шамалы болып табылады және әрбір шығарылым айналысы көлемінің 0,3%-дан 1,0%-на дейінгі аралығын құрайды. Еурооблигациялардың жоғарыда көрсетілген шығарылымдары JPMorgan компаниясы қадағалайтын, танымал және ірі инвестициялық қорлар неғұрлым репликациялайтын EMBIG (Emerging Markets Bond Index Global) дамушы елдер облигацияларының индексіне кіреді.

Эмитент	ISIN	Эмитенттің ең төмен рейтингі	Айналымдағы шығарылым-ды сатып алу құны, %	Сала
Pelabuhan Indonesia III	USY7140DA B65	BB+	0,60%	Мемлекеттік корпорация Индонезиядағы порттар мен кемежайларды басқаруға, реттеуге, қызмет көрсетуге және пайдалануға жауапты. Корпорация теңіз порттарына иелік етеді және басқарады. Компания тасымалдаулардың, өзен және теңіз тасымалдауларының қауіпсіздігін және өзге де ілеспе қызметтерді қамтамасыз етеді, сондай-ақ кемежайларды жабдықтаумен айналысады.
Pelabuhan Indonesia III	USY7140DA A82	BB+	1,00%	
Perusahaan Listrik Negar	US71568QA C15	BB	0,33%	Индонезияда электр энергиясын бөлуге монополиясы бар мемлекеттік корпорация электрмен жабдықтау жүйелерін жобалаумен және құрастырумен айналысады.
Perusahaan Listrik Negar	US71568QA A58	BB	0,50%	
Perusahaan Listrik Negar	US71568QA E70	BB	0,50%	
Pertamina Persero PT	USY7138AA E02	BBB-	0,31%	Мемлекеттік мұнай-газ компаниясы, ол кен орындарын барлау, мұнай, газ және геотермальды энергияны бұрғылау, өндіру және тасымалдау қызметін көрсетеді, сондай-ақ Индонезиядағы клиенттерге қызмет көрсете отырып, энергияның жаңартылатын көздері саласындағы жобаларды басқарады.
Pertamina Persero PT	USY7138AA C46	BBB-	0,80%	

Қаралып отырған кезеңде шетел валютасындағы бос ақша қаражаты шетелдік банктердің «А-»-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар қысқа мерзімді депозиттеріне орналастырылады. Бұл ретте бұл инвестициялар инвестициялаудың стратегиялық мақсаты болып табылмайды және ағымдағы өтімділікті басқару шеңберінде зейнетақы активтерінің кірістілігін қолдау үшін жүзеге асырылады.

Өтеу және сату. 2018 жылғы шілдеде белгіленген мерзімдерге сәйкес шетел валютасында номинирленген мынадай қаржы құралдары бойынша **155,4 млрд. теңге** сомаға негізгі борышты өтеу жүзеге асырылды:

- 136,4 млрд. теңге сомаға АҚШ Үкіметінің МБҚ;
- 9,3 млрд. теңге сомаға Ресей Федерациясының МБҚ;
- 6,4 млрд. теңге сомаға шетелдік эмитенттердің құрылымдық ноттары;
- 3,3 млрд. теңге сомаға квазимемлекеттік сектордың шетелдік эмитенттерінің облигациялары.

Есепті кезеңде бағалы қағаздар сатылған жоқ.

Басқа да операциялар. Есепті кезеңде ҚР ЕДБ салымдары бойынша міндеттемелердің бір бөлігін өтеу есебінен 2,7 млрд. теңге сомаға «KCELL» АҚ-тың депозитарлық қолхаттары алынды.

Инвестициялық қызметтің нәтижелері. 2018 жылғы 7 ай ішінде есептелген инвестициялық кірістің мөлшері **449,7 млрд. теңгені** құрады.

Бұл ретте, 2018 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша инфляция мөлшері 5,9% болған кезде БЖЗҚ-ның салымшылары (алушылары) үшін зейнетақы активтерінің кірістілігі соңғы 12 ай ішінде (2017 жылғы тамыздан бастап 2018 жылғы шілде аралығында) **8,9%-ды** құрады. Осылайша, соңғы 12 ай ішінде БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері бойынша нақты кірістілік **3,0%-ды** құрады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz